



БҰЙРЫҚ

2025 ж. 01.12

Ақмол ауылы

ПРИКАЗ

№ 497

село Ақмол

2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың II аудандық кезеңінің өткізілуі туралы

«Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 446 хатының негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

I. 2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (аудандық) кезеңі 2025 жылғы 3-4 желтоқсан күндері (3 желтоқсан 7 сыныптарға сағат 10:00-же жаратылыстану-математикалық бағыты, сағат 14:00-де қоғамдық-гуманитарлық бағыты, 4 желтоқсан 8 сыныптарға сағат 10:00-де жаратылыстану математикалық бағыты, сағат 14:00-де қоғамдық-гуманитарлық бағыты) Қаражар а. мектеп-лицейі базасында өткізілсін.

II. Мектеп директорларына:

- 1) Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың II аудандық кезеңі қатысушылары мен жетекшілердің уақытында келуін (тасымалдауын) қамтамасыз етсін;
- 2) Олимпиаданың өтетін орнына (тірек мектебіне) бару және болу кезінде олимпиада қатысушыларының өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілікті жүктей отырып топ жетекшілерін тағайындасын;
- 3) Әр оқушының ата-анасымен топ жетекшілердің жауапкершілігіне орай ата-аналар тарапынан фото, бейне түсірілім және жеке деректерді өңдеу бойынша келісімді дайындасын;
- 4) Олимпиаданың өтетін орнына (тірек мектебіне) және қайтар жолда олимпиада қатысушыларының тасымалын және жол полициясы қызметкерлерінің апарып салуын қамтамасыз етсін.
- 5) 2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың II аудандық кезеңі өткізуге кезінде жауапкершілік, академиялық адалдық қағидаларын сақтау мектеп директорларына жүктеледі.

III. Олимпиаданың ашылу салтанатын, талаптарға сәйкес **youtube** каналы арқылы бейнетрансляцияны жүргізуін аудиториялардағы және дәліздегі кезекшілікті ұйымдастыруды Қаражар ауылының мектеп лицейінің директоры Е. Жакуповқа жүктелсін.

IV. Олимпиаданың өтілуіне жауаптылар:

А.Д Мусина.– білім бөлімі әдістемелік кабинетінің басшысы;

С.К. Тасыбай– білім бөлімінің әдіскері;

Г.С. Жанауова білім бөлімінің әдіскері;

Кушенова Н.Т. – Қаражар ауылының МЛ директордың бейінді оқыту орынбасары.

V. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдіскері С. Тасыбайға жүктелсін.

Басшы



С. Искаков